

«Жаратылыстану-1: Білім беру мен ғылымдағы инновациялар» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы

Өтетін мерзімі: 2026 жылғы 02–04 сәуір

Өтетін орны: Қазақстан, Шымкент қ., А. Байтұрсынұлы көшесі, 13-үй

Өтінімдер мен ғылыми мақалаларды қабылдау мерзімі: 2026 жылғы 20 наурызға дейін

Конференцияның ресми сайты (электрондық пошта): conference.okpu@gmail.com

Біз жаһандық өзгерістер жағдайында жаратылыстану білімі мен ғылымының өзекті мәселелері мен даму перспективаларын талқылау, іргелі және қолданбалы зерттеулердің нәтижелерімен алмасу, инновациялық білім беру технологиялары мен педагогикалық тәжірибелерді таныстыру, сондай-ақ халықаралық ғылыми диалог пен ынтымақтастықты дамыту мақсатында «Жаратылыстану-1: Білім беру мен ғылымдағы инновациялар» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның өтетінін қуана хабарлаймыз.

Халықаралық ғылыми-практикалық конференция 2026 жылғы 02–04 сәуір аралығында Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің ғимаратында (бас корпус, 4-қабат, 409-кабинет) өтеді.

Мақалаларды қабылдаудың соңғы мерзімі: 2026 жылғы 20 наурыз

Қорытынды мерзім: 2026 жылғы 25 наурыз (ұзартусыз)

Мақалалардың қабылданғаны туралы хабарлама: 2026 жылғы 30 наурыз

Мақаланың соңғы (түпкілікті) нұсқасын тапсырудың соңғы мерзімі: 2026 жылғы 20 мамыр

Конференцияның өткізілу мерзімі: 2026 жылғы 02–04 сәуір аралығы

ТАҚЫРЫПТЫҚ БАҒЫТТАР МЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ САЛАЛАРЫ

Конференция кең ауқымды өзекті бағыттарды қамтитын, оның ішінде бес мамандандырылған секция аясында құрылымдалған тақырыптық салаларды біріктіретін түпнұсқа ғылыми мақалаларды қабылдауға және сараптамалық қарауға бағытталған. Сонымен қатар ғылым мен білім берудің қазіргі заманғы мәселелері мен даму перспективаларына арналған түпнұсқа зерттеулерді ұсыну құпталады.

Трек 1: Жаратылыстану бағытындағы білім берудегі инновациялар

Педагогика	Цифрлық оқыту	STEM/STEAM
ЖИ	Білім беру платформалары	

Трек 2: Жаратылыстану ғылымдары саласындағы заманауи зерттеулер

Химия	Биология	Физика
География	Білім берудегі инновациялар	

Трек 3: Пәнаралық зерттеулер және ғылымдарды интеграциялау

Интердисциплинарлық	Трансдисциплинарлық	Жаратылыстану
Техникалық	Гуманитарлық ғылымдар	

Трек 4: Экология, тұрақты даму және экологиялық білім беру

Экологиялық зерттеулер	Қоршаған ортаны қорғау	Тұрақты даму
Экологиялық мәдениет	Экологиялық жауапкершілік	

Трек 5: Жаратылыстану саласындағы инклюзивті және қолжетімді білім беру

Инклюзия	Білімге тең қолжетімділік	Бейімдеу
Білім беру технологиялары		

Конференцияға қатысу үшін баяндамалар 2026 жылдың 20 наурыз айына дейін қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде қабылданады. Конференция материалдары бойынша электронды еңбектер жинағы шығарылады. Мақалалар жинағы конференция өткен соң 2 апта ішінде университеттің ресми сайтында жарияланады. Жарияланған мақалаға электронды түрде сертификат беріледі. Сертификатты алу үшін жарияланған мақалаңыздың қай том, қай бетте жарияланғаны туралы ақпаратты мақала жолдаған почтаға жолдаңыз.

Баяндаманы дайындауға қойылатын талаптар:

- Times New Roman қарпі (қәріп өлшемі – 14, жаңа жол бойынша шегініс – 1,0);
- Жоларалық қашықтық – 1;
- Өріс: барлық жағы – 20 мм.
- Бет нөмірі көрсетілмейді;
- Баяндама мәтіні (бет нөмірі көрсетілмей) электрондық поштамен ұсынылады (файлдың атауы бірінші автордың фамилиясымен сай келуі қажет).
- Алғашқы жолда ӘӨЖ, сонан соң мақаланың тақырыбы, авторы жайлы мағлұмат беріледі.
- Келесі жолда курсивпен – орыс тіліндегі баяндамалар үшін Түйін және Summary, қазақ тіліндегі баяндамалар үшін Резюме және Summary, ағылшын тіліндегі баяндамалар үшін Түйін және Резюме келтіріледі.
- Әдебиеттер тізімі негізгі мәтіннің соңында бір шегіністен кейін беріледі.

ЕСКЕРТУ:

Жарияланатын материалдардың сапасын қамтамасыз ету және авторлық құқықтарды сақтау мақсатында келіп түскен барлық мақалалар плагиатқа қарсы міндетті тексеруден өтуі тиіс. Жинаққа ұсынылған материалдар плагиатқа тексерілген анықтамасымен бірге жолдануы қажет. Ұсынылатын материалдардың түпнұсқалығы 70%-дан төмен емес.

Конференция материалдарының жинағы тікелей көшіру әдісімен теріледі. Осыған байланысты жоғарыда аталған барлық талаптарды сақтай отырып, ғылыми мақалаларды мұқият редакцияланған түрде ұсыну қажеттігін ескертеміз. Білім алушылардың мақалаларын жариялауға тек ғылыми жетекшісімен бірлескен түрде ғана рұқсат беріледі.

Көрсетілген мерзімнен кеш ұсынылған немесе талаптарға сәйкес ресімделмеген, түпнұсқалығы 70%-дан төмен және плагиатқа тексерілген анықтамасы жоқ материалдар қаралмайды және авторларға қайтарылмайды.

ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІ

Керімбеков Ержан Рахимжанович - Ғылыми жұмыс және инновациялар бойынша проректор

Сансызбаев Алтынбек Серікұлы - Ғылыми зерттеулер офисінің басшысы м.а.

Успабаева Айгуль Аманкуловна - «Биология» кафедрасының меңгерушісі

Битурсын Сауле Сериковна - «Химия» кафедрасының меңгерушісі

Егембердиева Салтанат Жумабековна - PhD, «Химия» кафедрасының аға оқытушысы

Утегенова Гүлжахан Абдужалиловна - PhD, «Биология» кафедрасының аға оқытушысы

Куралбаева Жұлдызай Шынжигитқызы - Ғылыми зерттеулер офисінің маманы



БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

Электрондық пошта: conference.okpu@gmail.com

Телефон: 8 (7252) 39-05-11, ішкі 741